

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Мун шрифті – зағип адамдарға арналған қаріп. М.ш. бедерлі латын әріптері қолданылады. М.ш. әжептәуір жасқа келіп, көздері көрмей қалған, бірақ әріптердің тұрпатын білетін адамдар үшін жасалады. М.ш. ағылшын докторы Уильям Мун (1818-1894) ойлап тапқан. М.ш. қисық, бұрыш тәріздес, сызықтардан және 9 таңбадан тұрады. Таңбалар жеке дыбыстар, буындар, сөздер мен сандарға сәйкес келеді. Қазіргі таңда М.ш. қарағанда Брайль шрифті кең қолданылады. М.ш. жазылған әдебиет тек Англияда ғана бар.

Мутеферрика Ибрагим (Ибрахим) (1674-1745) – Осман империясының мемлекет қайраткері, ұлты венгр, ислам дінін қабылдаған дипломат, картограф, астроном, мұсылман әлеміндегі тұңғыш баспагер, араб әрпімен шығаратын алғашқы баспахананың негізін салушы. 1710 жылы «Ислам туралы трактат» жазған. М. 1719 жылы араб әрпінің клишесін жасады, 1729 жылы алғашқы кітап жарыққа шықты.

Мұрын қатысатын дыбыс – мұрыннан шығатын дыбыстар: *м, н, ң*. 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының съезіне дейін, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл дыбыстар (*м, н, ң*) ұяң дауыссыз деп аталған. Елдес Омаров ол үшеуі (*м, н, ң*) дауысының шамасына қарағанда жарты дауысты төрт дыбысқа жақын екенін, сондықтан дыбыс жүйесінше бұл жетеуі бір тап болып, барлығы да жарты дауысты атанғанын ескерте келіп, дыбыс жүйесі жағынан бұлардың ерекшелігі барын, яғни, «л», «м», «н» – үшеуін айтқанда оларға мұрын қатысатынын, «р», «л», «у», «и» – төртеуіне мұрын қатыспайтынын айтады. Сондықтан бұл жарты дауысты жетеуі өз ішінен екі бөлініп, мұрыннан шығатын үшеуі «ымырасыз» деп, қалған төртеуі «ымыралы» деп аталған.

Мұрын шығысты дыбыстар (босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі) – шала дауыстылар (үнділер). Босаң жолды деп топтап отырған шала дауыстылар қазіргі жуысыңқы дауыссыздар, яғни сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жуысуы арқылы жасалады. Қысаң жолды шала дауыстының артикуляциясы күрделі, сондықтан да қысаң жолды деп аталады. Шала дауыстының құрамында жүрген [*л*] дауыссызы тіл ұшы мен тістің тоғысып, екі жаны бос қалу арқылы жасалады. Босаң бөгеулі шала дауыстының артикуляциясы сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Шала дауыстының құрамында жүрген [*ң*] дауыссызының жіңішке әуезді түрі тіл ортасы мен таңдайдың, ал жуан әуезді түрі тілшік пен тіл түбінің (тілшік пен тіл түбінің) тоғысуы арқылы жасалады, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Қысаң бөгеулі шала дауыстының артикуляциясы да сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Шала дауысты құрамында жүрген [*н*] дауыссызы тіл ұшы мен тістің тоғысуы арқылы жасалады, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Шала дауыстының құрамында жүрген [*м*] дауыссызы ерін мен еріннің тоғысуы арқылы жасалады, ауа мұрын қуысы арқылы шығады.